ҒТАХР 14.41.77

ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Б.С. Қылышпай[1], Г.С. Махарова[2]
[1] п.ғ.м., аға оқытушы
[2] аға оқытушы
[1] Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
[2] әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bayan0274@mail.ru

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі даму жағдайында жастарға құндылықтарды қалыптастырудың жаңа мазмұнға ие болуы мен бүгінгі күнге дейін қалыптасқан білім беру идеялары құндылық бағдар туралы білім берудің теориялық негіздеуге қажеттілігі туындап тұр. Құндылықтарды қалыптастыру тәжірибесінде жинақталған жетістіктер мен кемшіліктердің ескерілмеуі бар екендігі рас.

Қазақстан өзге халықтармен шектескен аумақ болып табылады, онда ежелгі дәуірден бастап шоғырлану мен агрессия, этностардың ішке енуі мен сыртқа қоныс аударуы, нәсілдік және тілдік үдерістер байқалады. Қазақ халқының рухани мұрасын, онда этномәдени білім берудің дамуы мен қалыптасу тарихын оқып-үйренуге бұл жағдайдың тікелей қатысы болуы керек.

Түйін сөздер: *құндылықтар, рухани құндылық бағдары, жоғары құндылықтар иерархиясы*

Посткеңестік қоғамдық тәртіптің қазіргі заманғы өзгерістері әлеуметтік институттардың, әлеуметтік құрылымдардың, қазақ қоғамының өмірлік белсенділігіндегі елеулі өзгерістерге әкелді.

Бұл жағдайда қоғамдағы маңызды өзгерістердің аспектісі ғана емес, ескі қағидаларды бұзу фактісі де маңызды. Мұндай үдерістер адамның табиғаты мен әлеуметтік тәртібінің маңызды, терең элементтеріне қол жеткізбестен, қиындықсыз пайда болмайды.

Зерттеушілердің құндылық мәселелеріне қызығушылығын арттыру адами танымның табиғатын тереңірек түсінудің, оның әлеуметтік мәдени дәлелдеуінің, тұтастығының нәтижесі болып табылады. Тану үлгісіндегі ену бізге тек қоғамдық өмір мен мәдениет салаларында ғана емес, когнитивтік құрылымдар мен адамның дүниетанымдық көзқарастарында құндылықтың компонентін ашуға мүмкіндік береді. Демек, зерттеушілердің құндылық компонентінің әлеуметтік-мәдени мәртебесі мен ерекшелігін, оның танымдық компонентімен өзара әрекеттесудің ерекшеліктерін, объективті-шынайы білім қалыптастырудағы рөлін түсінуге деген ұмтылысы.

"Құндылық" түсінігі ғылыми айналымға XIX ғасырда енгізілді. «Құндылық» түсінігінің мазмұнынан ғалымдар Л.М. Архангельский, С.Ф. Анисимов, А.Г. Здрамыслов, М.С.Каган, В.М Момов, В.И.Сагатовский, В.П.Тугаринов, В.Т.Харчева, З.Н. Чавчавадзе, В.А.Ядов және басқалар қоғамдық сананың барлық түрлерінің мынадай белгілерін айқындайды: маңыздылығы, пайдалылығы, қажеттілігі, анық мақсатқа ие болуы. В.Т.Тугаринов адамдар нені қастерлейді, соның барлығы құндылық деп анықтайды. Ол - зат, табиғат құбылыстары, қоғамдық үрдістер, адамның іс-әрекеттері, мәдени құбылыстары болуы мүмкін.

Көп мәдениетті ортада тәрбиелеу тұжырымдамаларын дамытуда ғалымдар Дж.Бэнкс, Э.Сепир, Б.Уорф, Уиллард Куайн, А.Тойнби, К.Г. Юнг, Э.Б.Тэйлор және т.б. қомақты үлес қосты. Бұл ғалымдардың ғылыми тұжырымдары зерттеліп отырған мәселенің әр түрлі қырларын ашып көрсетуге көмектеседі. Оларда негізгі ұғымдар, мақсат пен принциптер нақтыланған, көп және мультимәдени білім беру мазмұнының моделі тұжырымдалған, осындай білім беруді тәжірибеде іске асыру жолдары, көпмәдени ортада оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдері, мұндай білім берудің тиімділік өлшемдері белгіленген.

Құндылықтардың табиғатының күрделілігінен олардың әртүрлі топтамасы пайда болды. В.П.Тугаринов құндылықтардың екі тобын бөліп қарастырды:

- өмірдің құндылықтары - өмір, денсаулық, өмірдегі қуаныш, адамдармен қарым-қатынас, т.б.;
-мәдени құндылықтар – материалдық (техника, баспана, тамақ, киім, т.б.);
- әлеуметтік саяси (қоғамдық тәртіп, қоршаған әлем, қауіпсіздік, бостандық, еркіндік, адамгершілік);
- рухани құндылықтар (білім, ғылым, өнер).

Социологтар құндылықтарды белгілі бір ереже немесе іс-әрекеттің реттегіші ретінде қарастырады. Бұдан басқа материалдық және рухани құндылықтар (В.Ломов), өзекті және потенциалды (В.Ломов, В.Г.Алексеева) құндылықтар топтамасы да кездеседі.

Монографиялық зерттеулерде, философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы адамзаттық құндылық» ұғымдарының мәні жайлы оларға әртүрлі анықтамалар берілген. Бірақ, құндылық ұғымының мәні, мағынасы әртүрлі болуынан ойлар, пікірлер де әртүрлі болған.

Бұл сұраққа құндылықтар теориясы аксиология жауап беруге ұмтылады грек тілінен «ахіс» - құндылық және «logos» - «ілім» деген мағынаны береді. И.Кант және Г.Гегель – немістің ұлы философтардың танымдары бойынша құндылықтар ұғымына зейін қойып, талдаулар жүргізген. Мысалы, И.Кант аксиологиялық түсініктерді қалыптастыру үшін қоршаған әлемді ойша нақты және идеалды деп екіге бөлген. Адам алдына қойған мақсатына жету үшін ол факторлардың ықпалына, мәнділігіне қатысты деген ойларда болған.

М.Вебер құндылықтардың әлеуметтік қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған қалып деп еспетейді. Ф.Ницше өзінің «мораль генеологиясы» атты шығармасында болмыс пен құндылықты бірімен-бірін қатар қарастырып салыстыру философтардың үлесі деген ойды білдіреді. Философ Ф.Ницше құндылықты мәндік категория емес, тек бағалау немесе субъектінің әлемді таңдауындағы ішкі тәжірибесі деп пайымдайды.

Құндылық дегеніміз – «идеал» және «мәнділік» десек, олардың ерекшеліктері субъектілер арасындағы қатынастарда жүзеге асырылып, көрініс табады. Құндылық болса субъектілер арасындағы жеке тұлға немесе тұтас қоғам деңгейіндегі қатынастардың жалпы кезеңдерін білдіреді. Жоғары құндылықтар иерархиясы анықтала, яғни олар: адам, өмір, денсаулық, отбасы, отан, еңбек, білім, мәдениет, бейбітшілік, жер, адамзат, даму, ар-ұят, еркіндік, бақыт, еңбек, өмір, ақиқат, жақсылық, әділеттілік, табиғат, қоғам, таным, теңдік, бауырластық, сұлулық, қарым-қатынас [1].

Құндылық бағдары ішкі дүниетанымға негізделе отырып, мынандай белгілермен құрылымдық, жеке тәжірибелік көңіл-күй жиынтығымен анықталады. А.Г.Здравомыслов өзінің еңбегінде, барлық құндылық бағдарының жиынтығы, жеке тұлғаның өзіне тән ой орталығының тұрақтылығы мен белгілі бір қабілет-қасиетімен қамтамасыз етіледі» [2]. Құндылық бағдарының әлеуметтік табиғаты өзінің құрамымен көрініс береді. Құндылық бағдарының әлеуметтік табиғатын И. Кон былай деп түсіндіреді. Оның айтуы бойынша құндылықтар бағдары «.. бір мезгілде әлеуметті және жеке болып табылады» [3]. Олардың әлеуметтік болу себебі: қоғамдық тәрбие, жедел даму және т.с.с. қоғамдық жүйелердің жағдайына негізделген құндылықтар бағдарының жиынтығы, берілген қоғам мүшесіне тән әлеуметтік мінезге ие. Сонымен қатар олар жеке, себебі онда адамның өмірлік қайталанбас тәжірибесі, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтарының өзіндік ерекшеліктері көрсетілген. Құндылықтар бағдарының әлеуметтік табиғаты оның езін тұрақтандыру функциясында көрінеді. Затқа тікелей қызығушылық затқа құндылық қатынастың көрсеткіші болып табылмайды, себебі ол адам үшін бұл заттың маңыздылығымен байланысты емес, тек адаммен сыртқы қасиеттерімен ғана байланысты. Білімге құндылықпен қарауының қалыптасуы оның тұлғалық бағыттылығының қалыптасу барысын, білім алуға дайын екендігін, білімді қажетсінуі мен оған қызығушылығының бірлігін сипаттайды. Осымен байланысты білімді жеке тұлғасының таңдап көңіл бөлуін сипаттайтын психологиялық-педагогикалық түсінік ретінде білімге деген құндылық қатынастың мазмұнына талдау жасау қажет.

Құндылықтар мәселесі қазақ халқының сонау көне замандағы сақтардың, ғұндардың, түркілердің ұрпағы екенін бүгінгі Қазақстан жерінен табылған археологиялық байлықтар, көне мәдени жазбаларынан өзінің бастауын алып, шығыстың ұлы ойшылдары Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри және т.б. шығармаларында орын алған, тәлім-тәрбиелік тағылымдарымен ұштасып, мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра ретінде жалғасып келеді.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында: «құндылық» - обьектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әртүрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды.

Психологиялық сөздікте: «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік-тарихи манызы бар, «жеке адам» өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс. Басқа жағынан, психологияда құндылық - қоғамдағы моральдық қарым-қатынас. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер тұрғысынан алғанда, әлі де шешілмеген дүниетанымммен, ұтқыр құндылық жүйесі бар жастарға әсіресе қиын. Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру- үлкен қажеттілік екендігі ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» жолдауында жан-жақты негізделген.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта қала жастары ғана емес, ауыл мен ойлары таза, рухани құндылығы мен адамгершілігі жоғары, тәрбиелі ауыл адамдары да өзгерген. Аурулардың көбеюі, адамгершілік қасиеттеріміздің жүдеу тартуы, кісі өлтіру, үй тонау, маскүнемдік пен нашақорлық, жезөкшелік сияқты жат қылықтармен қатар мейірімсіз, қатігез жастарының да арасынан орын алады. Жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адамгершілігі мықты, бір-бірімен достық қарым-қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау өзекті мәселе екені анық. Мұнда, әсіресе, оқушылар тәрбиесіне мектептегі дұрыс ұйымдастырылған тәрбие іс-шараларының ықпалы зор. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру «тұжырымдамасында» жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндеті ерекше аталуы көтеріліп отырған мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын және тақырыптың өзектілігін дәлелдейді.

Рухани-адамгершілік құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламалары, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтар ой-пікірлері мен көзқарастары бар (Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қожа-Ахмет-Иассауи, Абай Құнанбаев, Ш. Құнанбаев т.б). Сонымен қатар рухани-адамгершілік құндылықтар А.Қ.Каплиева, Р.К. Төлеубекова, Р.С. Омарованың т.б ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.Сонымен құндылық дегеніміз не? Құндылық – ол адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, сөйлеу мәдениеті, қызығушылығы, еңбек сүйгіштігі, қоршаған қоғамдық ортада алатын орны екені тарихи-педагогикалық әдебиеттерде айқындалған [4].

Қазіргі таңда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет пен тарихымыздың дамып, өркендеуі, халқымыздың рухани бай мұрасын және салт-дәстүрлерін қастерлеу – еліміздің дүниежүзілік өркениеттегі егемендігін дәлелдейді. Өркениетті елдер қатарына қосылуға ықпал ететін болмыс – адам болып саналады. Болашақтың жастары – парасатты, иманды, елгезек те, қаракетшіл, сонымен бірге сұлулықтан ләззат ала білетін адам; ол адамның мәндік күшінің шын бірлігінің мұратын, оның рухани және тәндік кемелдігінің мұратын бейнелейтін салиқалы, жан-жақты дамыған тұлға. Заман талабына сай өмір сүруге қабілетті, эстетикалық талғамы жоғары адам ғана өмірдің әсемдік құндылықтарын жоғары бағалай алады деген түсінікті қамтамасыз етеді. Өйткені, өмір салты, рухани мұра, әсемдік қасиеттер – адам баласының құндылықты эстетикалық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді.

Білімнің мемлекеттік тұрғыдан құндылықты болуының себебі- мемлекеттің адами-инабаттық, ақыл-парасаттық, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени және экономикалық мүмкіндіктерінің негізі – білімде. Білімнің қоғамдық құндылығы да жоғарыда аталған алғы шарттармен анықталады. Мемлекет және қоғам тарапынан болатын білім дамуына орай түсіністік пен ұмтылыс әрқашан сәйкес бола бермейді. Мотив адамның мінез-құлқына қозғау салатын, жағымды әрекеттерге бағыттайтын күш. Тиісті мотивтер болмайынша мінез-құлықтың қажетті нормалары бекілмейді, адамгершілік қасиеттер қалыптаспайды. Сол себептен педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған оқу - тәрбие процесі әдет пен дағдыны, адамгершілік қасиет пен құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады. Әдет - әрекет жасауды қажетсіну, ал әдет дағдымен тығыз байланыста болады. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының қалыптасуы, егер оқушы мен білімгер үшін оқу, оқу еңбегі шын мәніндегі іштей күйзеліс тудырып, білім деңгейлерін көтеру үшін талпынатын болса, белгілі бір қажеттілікке айналса, онда оқу еңбегі олар үшін құндылық болып табылады. Жеке тұлғаның құндылық

бағдарының мотивация саласының негізін құндылықтар қалайды. Жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесінің мотивация саласы: жеке тұлғаның құндылық бағдар процесі; жеке тұлғаның құндылық бағдары; жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасы және жеке тұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесін меңгеруге, қалыптастыруға деген ынта-ықыластың пайда болуымен анықталады.

Жастар қоғамдағы жаңашыл идеяны қуаттап, қоғамдағы рухани-мәдени құндылықтарды дамытуда ерекше орын алады. Б. Г. Ананьевтің ойынша, студенттік кезеңде жастардың құндылықтар жүйесі мен қатар мотивтік өрісінде кеңінен жаңаша өзгерістер пайда болады. Осы өзгерістер көптеген арнайы әлеуметтік қабілеттіліктердің пайда болуына себеп болады, мысалы, өмірдің мән-мағынасын іздеу, болашаққа жоспар құру, таңдаған мамандыққа байланысты терең білім алу, өзінің рухани-адамгершілік құндылықтар шеңберінде дүниетанымын кеңейту т.б. оларды жай ойландырып қана қоймай, белсенді әрекетке итермелейді [5].

А.М. Коршуновтың айтуынша, «қоғамда кез-келген оқиғалар маңызды, кез-келген құбылыс бір немесе бірнеше рөлді атқарады, бірақ олардың кейбіреулері оң мәнді болып табылады - құндылық құрайды». Осыған байланысты ол осы құндылықты анықтайды. «Мәні маңызды емес, тек қоғам дамуында оң рөл атқаратын ғана: ол әлеуметтік прогреспен байланысты» [6; 112].

Қоғамның жастары қызығушылыққа қарағанда қызықты жұмысқа көбірек назар аударып, материалдық әл-ауқатқа деген еркіндікті артық көреді. Десекте, материалдық жағдайға (пәтерге ие болу, көп ақша табуға, жақсы өмір сүруге, саяхаттауға және т.б.) қол жеткізуді мақсат еткен жастар саны аз, жоспарының мақсатына бағдарланған жастар (жақсы отбасы, жақсы балаларды тәрбиелеу, жақсы білім алу және т.б.) саны көп болғаны қуантарлық жағдай.

Жеке тұлғаның адамгершілік іс-әрекеттеріне құндылықтарды тәрбиелеу мақсатын айқындау бірнеше өрістік құрылымдардан тұрады: когнитивтік өріс; интеллектуалды өріс; мотивациялық; эмоциялық; ерік-жігер өрісі. Құндылық зат та, нәрсе де, мәселе де емес, олардың қасиеттері де емес, ол адам ойының қандай да бір жоғары түрі.

Құндылықтар дегеніміз – ұнатқан игіліктер мен оларға қол жеткізу тәсілдері туралы қорытындылаған, белгілі көзқарастар, орнықты ойлар, үлгі аларлық объектінің озық тәжірибелері, сыннан өткен пікірлер арқылы өзінің мінез-құлқын анықтайды.

Жастардың өмірге деген өзімшілдік көзқарасы көптеген апатияны, өз-өзіне және басқаларға елеусіздік туғызады, бұл ұлттың рухани-адамгершілік және рухани денсаулығының жоғалуына қауіп төндіреді. Жастарға назар аудару, оның әлеуметтік мәселелері күшейтілуі керек. Жастармен жұмыс істеудің құралдары, нысандары мен әдістерін анықтау осы халық топтарының экономикалық, жастық, психологиялық және әлеуметтік сипаттамаларын, олардың әлеуметтік мәртебесін, мәселелерін және қазіргі заманғы жастар субкультурасын дамытудағы негізгі үрдістерді білуіне тікелей байланысты. Әлеуметтендіру үрдісі жас ұрпаққа бұрынғы ұрпақтар әзірлеген нормалар мен дәстүрлерді беру ретінде бұзылды, идеологияны түбегейлі өзгертті. Бұрынғы ұрпақтың қазіргі жағдайға бейімделуі қиын, ескі құндылық жүйесін сақтайды; жас ұрпаққа бұл тұрғыдан да қиын оның құндылық жүйелері әлі жоқ, ал егер бар болса, онда шартты негізсіз, және жастар үшін салыстырмалы түрде жалпы құндылықтар бар. Құндылық бағдарлары - олар адам ретінде оның сипаттамаларын көрсететін өлшем, өйткені адам сана мен өзін-өзі сана құрылымындағы ең маңызды тұлғалардың бірі. Құндылық бағдарлары мен оның мәні көптеген ғалымдармен белсенді түрде зерделеніп, дамып келеді.

Жастар қоғамның әлеуметтік-демографиялық тобы болып табылады, олар әлеуметтік-саяси өзгерістерге белсенді түрде жауап береді. Өмірдің жастық кезеңінің типтік ерекшеліктері - өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану, өмірдегі мақсатын анықтау және өзін-өзі бекіту.

Жаңа құндылықтар, әдістер және әлеуметтендіру факторлары бүгінгі жастарға сыналада. Қоғамды реформалау жағдайында жастардың құндылық бағдарларының мазмұнында, жастарды дәстүрлі құндылық жүйесіне, оның ішінде білім беру жүйесіне қатысты елеулі өзгерістер орын алды. Білім демократия мен әлеуметтік теңдікті, білім беру мәдениетін таратуға, әлеуметтік қызметтер мен мәртебелерді қалыптастыруға және жаңғыртуға ықпал ететін ең маңызды мекеме ретінде танылады. Қазіргі заманғы дамыған елдердің экономикасын жедел дамыту үшін шешуші факторлардың бірі білім болды.

Қазақстандық қоғамда дәстүрлі түрде жоғары білімді жастарға жеңілдікпен бағдарлау үрдісі байқалды. Кейбір мамандықтар мен мамандықтардың беделін бағалау жастардың санасына

айтарлықтай өзгергеніне қарамастан, бұл үрдіс әлі де жалғасуда. Социологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша жастардың бағдарлық көзқарасы айтарлықтай өзгерді.

Соңғы жылдарда жастар арасында беделді мамандықтарды меңгеру арқылы және, тиісінше, білім алуға ұмтылу арқылы өмір проблемаларын өз бетімен шешуге ұмтылу байқалады. Өмірдің перспективаларын түсінудегі құндылықтар материалдық игілікке және жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған жағдайларға баса назар аудара бастады.

Жастардың құндылық бағдарларында «қоғамдық танымалдылық», «ұжымдық», «әлеуметтік әл-ауқат» тәрізді нәрселерге бағдар берудің орнына, «даралық құндылықтарға» артықшылық беріледі. Адамның материалдық әл-ауқатының, жеке дамуының маңыздылығын мойындай отырып, адамға әлеуметтік құндылықтардың рөлі мен маңызын ескеру қажет.

Мемлекет өзінің болашағын қамтамасыз ете отырып, жастардың құндылық бағдарының қалыптасуын ескермеуі мүмкін емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жаңа түріне дайын болуы, жастардың жақсы қалыптасқан құндылықтарының табысты, прогрессивті және қоғамдық дамуына қалай ықпал ететінін ескеріп отыруы қажет. Еліміз әлемдік білім кеңістігіне еніп, білім сапасын арттыру мен білімді бағалаудың озық жүйесін ендіру барысында соңғы он шақты жылдың төңірегінде көптеген жаналықтар жасаууда [7].

Қазіргі Қазақстанда білім беру мен тәрбиенің рөлі өзгеруде. Білімнің әлеуметтік маңызы әсіресе әлеуметтік өзгерістердің күрт өзгеру кезеңдерінде, кейбір маңызды тірек нүктелерін басқаларға ауыстыру кезінде арта түседі. Адамдардың жаңа жағдайларға бейімделуі қиын, білім беру әлемнің көзқарастарын кеңейту және жаңа білімге ие болу жолымен осы үрдіске үлес қосуы мүмкін. Білім беру жас ұрпақты нарық жағдайында өмірге дайындауға, ғылыми прогрестің жетістіктерін меңгеруге және қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамытуға ықпал етеді.

Білім беру саласындағы жастардың құндылық бағдарларының мазмұнын және оларды қазақ қоғамын қалыптастыру жағдайында оларды қалыптастыру ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу келесі ғылыми міндеттерді шешу қажеттілігін тудырады:

- білім беру саласындағы жастардың құндылық бағдарларының орны мен рөлін анықтау;
- жастардың құндылық бағдарларындағы өзгерістердің оң және теріс үрдістерін анықтау;
- жастардың құндылық бағдарларын қалыптастырудың және өзгертудің негізгі факторларын көрсету.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Жарықбаев Қ., Сангилов О. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі.Алматы: «Сөздік-словарь». 2006. 384 бет.

2 Здравомыслов А.Г. Методология и процедура социологических исследований. М., Мысль, 1969.

3 Кон И.С. Психология ранней юности. М., Просвещение, 1989. 256с.

4 Жарықбаев Қ.Б., Нүкежанов Ж.С. Қазақ этнопсихологиясының әдіснамасын жасаудың кейбір өзекті мәселелері. Этнопсихология-этнопедагогика екінші жинақ. Ғылыми-әдістемелік басылым. Алматы: Тәлім-тәрбие қоғамдастығы. 1996. 189бет.

5 Лисовский В.Т. Духовный мир и ценностные ориентации молодежи. СПб., 2000

6 Сокурянская Л. Г. Студенчество на пути к другому обществу: ценностный дискурс перехода: [Монография] / Л.Г. Сокурянская; [Рец.: В.И. Астахова и др.]; Харьк. нац. ун-т им. В.Н. Каразина. Харьков, 2006. 576 с.

7 Найденова Н.Н. Муратбаева Г.Ә. Білім сапасын бағалаудың қазақстандық және әлемдік инструментарийлері. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. 2018. №1, 119-128б.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ

Б.С. Қылышпай[1], Г.С. Махарова[2]

[1] м.п.н., ст.преподаватель

[2] ст.преподаватель

[1]Казахский государственный женский педагогический университет

[2]Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы., e-mail: bayan0274@mail.ru

Казахстан - это страна, соседствующаяс другими народами, где с древних времен концентрируются и интенсивно происходит миграция этнических групп, расовые и лингвистические процессы. Это непосредственно связано с духовным наследием казахского народа, в котором должна изучаться история развития и формирования этнокультурного образования. Источники этногенеза казахского народа, развитие культуры, особенности направлений развития очень сложны и многогранны, а также связаны с историей стран Азий, Европы, Африки. Орхонские памятники как наследие тюркских народов, обеспечивает общее этнокультурное образование. Главная направленность произведений поэтов - объединить тюркские племена, защищать от внешних врагов, уважать традиции и обычаи народа, в том числе уважение матери.

Ключевые слова: *ценности, духовно-ценностные ориентации, иерархия высших ценностей*

PECULIARITIES OF FORMING THE SPIRITUAL VALUES OF YOUTH

B. Kylyshpay[1], G. Makharova[2]
[1]Master of Education, senior teacher
[2] senior teacher
[1] Kazakh State Women's Teacher Training University
[2]Al-Farabi Kazakh National University
Kazakhstan, Almaty, e-mail: bayan0274@mail.ru

Kazakhstan is an area adjacent to other nations, where since ancient times, migration of ethnic groups, racial and linguistic processes have been observed. This should be directly related to the spiritual heritage of the Kazakh people, in which the history of development and formation of ethno-cultural education should be studied. Sources of ethnogenesis of the Kazakh people, its development of culture, peculiarities of the directions of development are very complex and multifaceted, and connected with the history of the countries of Asia, Europe, and Africa. Orkhon monuments are a heritage of the Turkic peoples, which provides a common ethno-cultural education. The main goal of the work of poets is to unite the Turkic tribes, defend against external enemies, respect traditions and customs of the people, including respect for the mother.

Key words: *values, spiritual-value orientations, hierarchy of higher values*

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА

ART AND CULTURE